

"Турагент, гид (гид-аудармашы), экскурсовод және туризм нұсқаушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламаға қосымшаға мәліметтер нысандарын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпанды № 249 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2021 жылғы 28 шілдедегі № 236 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2021 жылғы 28 шілдеде № 23749 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Турагент, гид (гид-аудармашы), экскурсовод және туризм нұсқаушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламаға қосымшаға мәліметтер нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпанды № 249 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11209 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Турагенттік қызметтің, Қазақстан Республикасында дара кәсіпкерлер ретінде қызметін жүзеге асыратын гид, экскурсовод және туризм нұсқаушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламаға қоса беру үшін мәліметтердің нысандарын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы бүйрықта:

1) 1-қосымшаға сәйкес турагенттік қызметтің басталғаны туралы хабарламаға қоса беру үшін мәліметтердің нысаны;

2) 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында дара кәсіпкер ретінде қызметін жүзеге асыратын гид қызметінің басталғаны туралы хабарламаға қоса беру үшін мәліметтердің нысаны;

3) 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында дара кәсіпкер ретінде қызметін жүзеге асыратын экскурсовод қызметінің басталғаны туралы хабарламаға қоса беру үшін мәліметтің нысаны;

4) 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында дара кәсіпкер ретінде қызметін жүзеге асыратын туризм нұсқаушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламаға қоса беру үшін мәліметтің нысаны бекітілсін.";

көрсетілген бүйрыққа 1-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Турагенттік қызметтің басталғаны туралы хабарламаға қоса беру үшін мәліметтер"

2-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
3-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
көрсетілген бұйрыққа 4-қосымшада:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында дара кәсіпкер ретінде қызметін жүзеге асыратын туризм нұсқаушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламаға қоса беру үшін мәлімет".

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

министрдің міндетін атқарушы

H. Дауешов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

министрдің міндетін атқарушы

2021 жылғы 28 шілдедегі

№ 236 бұйрығына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және

даму министрлінің

2015 жылғы 27 сәуірдегі

№ 249 бұйрығына

2-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасында дара кәсіпкер ретінде қызметін жүзеге асыратын гид қызметінің басталғаны туралы хабарламаға қоса беру үшін мәліметтер

1. Ақпараттық және (немесе) ұйымдастыруышлық қызметтерін көрсететін өнір

2. Ақпараттық және (немесе) ұйымдастыруышылық қызметтерін көрсететін тіл(-дері)

министрдің міндеттін атқарушы

2021 жылғы 28 шілдедегі

№ 236 бүйрекіне

2-косымша

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және

даму министрінің

2015 жылғы 27 сәуірдегі

№ 249 бүйрекіне

3-косымша

Нысан

Қазақстан Республикасында дара кәсіпкер ретінде қызметтің жүзеге асыратын экскурсовод қызметінің басталғаны туралы хабарламаға қоса беру үшін мәлімет

Экскурсиялық қызметтерін көрсететін өндіріс _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК